Баяндама

Тақырыбы :

Бала бойына ұлтық тәрбиені Сіңіру

Тәрбиеші : Умбетова Д.

Тәрбиеші -ұлттық құндылықтарды бала бойына сіңіруші

Тәрбиеші - ұлттық құндылықтарды бала бойына сіңіруші.

Бүгінігі таңда жаңалыққа жаны құмар жас ұрпаққа заман талабына сай тәрбие мен білім беру, оны ұлттық сананы қалыптастыру арқылы жүзеге асыру көкейкесті мәселелердің бірі болып отыр. Ұлттық сананы қалыптастыру, ұлттық құндылықтарды құрмет тұтып, тәрбиенің қайнар көзі ретінде қарастыру қай заманда болса да маңызды мұқтаждық ретінде күн тәртібінде тұрары белгілі. Әсіресе, бүгінгі жаһандануға бет бұрып, әлемдік бәсекелестікке, оның талаптарына жауап беру жағдайында бұл мәселенің өзектілігі айшықталып отыр. Елбасының бұл жайлы «толық өркениетті ел болу үшін алдымен өз мәдениетімізді, өз тарихымызды бойымызға сіңіріп, содан кейін өзге дүниені игеруге ұмтылғанымыз жөн» деген сөзі баршамызға салмақты міндеттер жүктейді.Сондықтан бүгінгі таңда басты мақсат – жас ұрпақты ұлттық игіліктер мен адамзаттық құндылықтар, рухани-мәдени мұрлар сабақтастығын сақтай отырып, тәрбиелеу болып отыр.1

Қазақ халқының ғасырлар тұңғиығынан бері тарихымен біте қайнасып келе жатқан ұрпақ тәрбиеледеугі тәжірбиесі бізге сол рухани мәдениет, этикалық, эстетикалық құндылықтарын құрайтын ұлттық әдет-ғұрып, салт-дәстүрлер арқылы жетіп отыр. Сонымен бірге ұрпақ тәрбиесіне, жалпы халықтың рухани дамуына байланысты ұлттық тәлім-тәрбиелік ой-пікірлерді Қорқыт ата, Әл-фараби, Қожа Ахмет Йассауи, Мұхамед Хайдар Дулати, Жүсіп Баласағұн, Махмұт Қашқари, Асан қайғы, т.б. қазақ ақын-жырауларының мұраларынан, билер мен шешендердің тәлімдік сөздерінен көреміз. Осы орайда ел болашағының кілтін ұстайтын жастарды ұлттық рухта, ұлттық құндылықтар негізінде қалыптастыру адам тәрбиесі сынды қасиетті қызмет атқаратын ұстаздар қауымына, педагогтарға үлкен міндеттер жүктейтіндігін ерекше атап өтеніміз жөн. 1

Қазіргі кезде жаңа тұрпатты тәрбиеші келбеті жайлы көп айтылып жүр. Оған оқу процесіне инновациялық педагогикалық технологияны пайдалану, заман легімен ілесе алатын, компьютермен, интерактивті тақтамен жұмыс жасай алу, бірнеше тілді меңгеру, мультимедиалық құрылғылармен жұмыс жасай алу, әлемдік бәсеке талаптарына сай болу сынды қабілеттерді жатқызады. Әрине, бұл дұрыс, яғни бүгінгі қоғам талабы осындай. Бірақ біз жаңа сипаттағы білім беретін жаңа тұрпатты тәрбиеші ең алдымен, өз ұлтының

құндылықтарын қастерлейтін, тілін, ділін, дінін құрметтейтін патриот болуы тиіс демекпіз.

Ұлттық сананың қалыптасуына тікелей ықпал ететін ұлттық құндылықтар, ата-бабамыз мирас етіп қалдырған салт-дәстүрлеріміздің, әдет-ғұрпымыздың озық үлгілерін, тағылымдық мүмкіндіктерін толық пайдалану бүгінгі тәрбиешінің кәсіби сапасына қойылатын негізгі талап болуы тиіс.

Әр адам өзінің ұлттық тамырын, әдет-ғұрпын, мәдениетін түсіне алады. Өз халқына деген сүйіспеншілігі оның туған жеріне, өз халқы өмір сүретін ортаға сезіммен ұласып жату керек. Халықтық әдет-ғұрып, салт-санасының байлығы, патиоттық сезім Отанға деген сүйіспеншілігін қалыптастырады. Сондықтан жаңа тұрпатты тәрбиеші ұлттық құндылықтарды әлемдік деңгейге шығаруға қабілетті тұлға тәрбиелеу үшін төмендегі міндеттерді шешу керек:

1. Тәрбиешілердің ұлттық сана-сезімін қалыптастыру;
2. Жас ұрпақ санансына туған халқына деген құрмет, сүйіспеншілік, мақтаныш сезімдерін ұялату, ұлттық рухын дамыту;
3. Ана тілімен дінін, оның тарихын, мәдениетін, өнерін, салт-дәстүрін, рухани-мәдени мұраларын қастерлеу;
4. Ұлттық намыс, ұлттық мінез қалыптастыру.1

Қазақтың қазақтығы – оның имандылығында. Ұлтымыздың мәдени деңгейі, салт-дәстүрі, әдет-ғұрпы бәрі-бәрі осы имандылық сөзіне кеп саяды. Қазақ мінезі көркем, жайдары адамдарды «иманжүзді екен» деп сөгеді.Ұяты жоғары, ар-намысы берік адамды «иманды екен» дейді. Керісінше өтірік айтып, алдау-арбаумен айналысатынды «имансыз» деп сөгеді. Егер біз жас ұрпақтың бойында имандылық қасиетін қалыптастырсақ, ұлттық үрдісімізді дамытуға қосқан үлесіміз деуге болады.

Отансүйгіштік, атамекенді қастерлеу қазақ үшін де, өзге халықтар секілді аса терең, қанға сіңген қасиет. «Отаны жоқтық – нағыз жоқтық», «Жат елінде сұлтан болғанша, өз еліңде ұлтан бол» деген мақалдармен қатар, даналардың нақыл сөздері,жырау, терме, қиссалар, аңыздар, батырлар жыры секілді мұралардың дені атамекенді қастерлеуге арналған. «Ерінен айырылған көмгенше жылайды, елінен айырылған өлгенше жылайды» деген мақал қазақ халқының патриоттық рухының биіктігін айқындайды.Сондықтан жаңа тұрпатты тәрбиешінің алдында

тұрған шоқтығы биік тәрбие бағыты—ол патриоттық тәрбие.

Бүгінігі таңда Қазақстандық жаңа тұрпатты тәрбиеші алдында екі ауқымды міндет тұр: Оның біріншісі—уақыт ағымынан қалмай, алға ұмтылған, өзгермелі қоғамда заманауи талаптарға лайықты жауап беретін кәсіби шебер маман болу, ал екіншісі кейінгіге қайта орлып, ата-бабамыз мирас етіп қалдырған ұлттық құндылықтарымызды жастар бойына сіңіру. Осы екі міндетті шешкенде ғана біз ұлтымыздың білім мен мәдениетін әлемдік деңгейде жеткізетін жас ұрпақ тәрбиелей аламыз.1

Қазақстан Республикасының 2015 жылға дейінгі білімді дамыту тұжырымдамасында «Мектепке дейінгі тәрбие – үздіксіз білім берудің алғашқы сатысы. Ол баланың жеке бас ерекшелігін ескере отырып дамытатын орталық » - деп атап көрсетілгендей бүгінгі таңда балабақшадағы оқу-тәрбие жұмысын жан-жақты жетілдіру мәселесі басты назарда болуы тиіс.

Балабақша ортасы –жасанды орта деп аталатын сыртқы орта.Ол бала дамуына үлкен әсер ететін құрастырылған,ұйымдастырылған және мақсатты бағытталған орта. Мектепке дейінгі мекемелер басқа да қоғамдық үздіксіз білім беру мекемелері сияқты қоғамдық қатынастарда жұмыс істегендіктен оның жағдайы көптеген сыртқы факторлармен әлеуметтік ортамен, қарым-қатынастың сипатымен анықталады.

Біз бүкіл еліміз бойынша, әлемдік стандарттар деңгейінде сапалы білім беру қызметін көрсетуге қол жеткізуіміз керек. Әлемдік озық мемлекеттердің жетістіктерін өзіміздің елімізде іске асыра отырып, қандай да бір табыстарға қолымыз жеткен бағыттарды жаңғырта жаңарту қарқынын жеделдете түсуіміз қажет.

Бүгінгі қоғам мүддесіне лайықты, жан-жақты жетілген,бойында ұлттық сана мен психология қалыптасқан, парасатты азамат тәрбиелеп өсіру-отбасының, балабақшаның, бүкіл халықтың міндеті.

«Тәрбие тал бесіктен басталады» деген қағиданы еске сақтай отырып, еліміздің әл-ауқаты жақсарған уақытта бәсекеге қабілетті ұрпақты тәрбиелеу балабақшадан басталады.Тәрбие – баламен сөйлесумен, әңгімелесумен, оған ақыл-кеңес берумен ғана шектелмейді.



